


Ф-ОБ-001/187

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

Университет вице-ректоров

 Идрисова Э.К.

Оқу-әдістемелік комитет шешімі негізінде /
№ 9 хаттама « 25 » 04 2025 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

("Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту" жобасы)

Бағдарлама деңгейі	Бакалавриат
Білім беру саласының коды мен атауы	6B01 Педагогикалық ғылымдар /
Даярлау бағытының коды мен атауы	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау/
ББ тобы және атауы	B014 География мұғалімдерін даярлау
ББ коды мен атауы	6B01524 География (IP)
ББ түрі	Инновациялық ББ
БББ айрықша ерекшеліктері	Дуальды оқыту

2025 жылғы қабылдау

Құрастырушылар: /Разработчики:/ Developers:

Жаратылыстану пәндері мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет құрамы:
 Состав академического комитета по направлению подготовки учителей естественных наук:
 The composition of the academic committee on the direction of training teachers of natural sciences:

АК төрағасы: / Председатель ИК: /Chairman of the AK:

	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/подпись/ signature
1.	Сарыбаева Әлия Хожанқызы	Физика кафедрасы, п.ғ.к., доцент	

АК мүшелері, академиялық персонал: / Члены академического комитета, академический персонал: /Members of the Academic Committee, academic staff:

	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/подпись/ signature
2.	Беласарова Шынар Магжановна	Экология және химия кафедрасы, аға оқытушысы	

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі:/Член академического комитета, представитель работодателя:/Member of the Academic Committee, employer representative:

	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/Подпись/Signature Күні/ Дата/ Date Мөр/ Печать/ Stamp
3.	Миндетбаева Ақнұр Амангелдіқызы	Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары	
4.	Азретбергенова Жаңыл Жарылқасынқызы	№23 Жұмабек Ташенов атындағы ІТМектеп-лицей директоры	

АК мүшесі, білімгерлер өкілі:/Член академического комитета, представитель обучающихся:/Member of the Academic Committee, representative of students:

	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/подпись/s signature
5.	Сындыбай Диас Ерланұлы	6B01514-География білім беру бағдарламасының 4-курс білімгері	

Сыртқы сарапшы/Внешний эксперт/External expert:

№	Аты жөні/ФИО/Full name	Қызметі, атағы, дәрежесі/Должность, звание, степень/Position, title, rank	Қолы/Подпись/Signature Күні/ Дата/ Date Мөр/ Печать/ Stamp
6.	Бисембаев Уалихан Камбарович	М.Жұмабаев атындағы №15 жалпы орта мектеп директоры	
7.	Құдайбергенов Дауденбай Сазанбайұлы	Ахмет Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектеп директоры	

«Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау» даярлау бағыты бойынша академиялық комитетте талқыланды.

Обсуждено в Академическом комитете по направлению подготовки «Подготовка учителей по естественнонаучным предметам»/

Discussed in the Academic committee on the direction of personnel training «Teacher training in natural science subjects»

Хаттама/Протокол/Protocol number № 3 « 19 » 03 2025 ж./г./y.

Мазмұны

1. Жалпы ақпарат	4
2. Бағдарламаның негіздемесі	6
3. Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері	6
4. Бағдарлама құрылымы және оқыту нәтижелері.....	8
4.1. Педагогикалық компоненттің құрылымы.....	8
4.2 Пәндік компоненттің құрылымы.....	20
4.3 Міндетті компонент құрылымы	45
4.5 Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтауға қойылатын талаптар	60
5. Студенттің жұмыс сипаттамасы	60
6. Баға/бағалау әдістері	60
6.1 Бағалау	60
6.2 Сыртқы бағалау.....	61
7. Оқытушы-профессорлық құрамға қойылатын талаптар.....	62
7.1 Оқытушы-профессорлық құрамға қойылатын талаптар	62
7.2 Қосымша талап етілетін оқытушы-профессорлық құрам	62
7.3 Оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру қажеттілігі	62
7.4 Қосымша әкімшілік қызметкер қажеттілігі.....	62
8. Ресурстар	63
8.1. Кітапхана ресурсы	63
8.2. IT-ресурстар.....	63
8.3 Инфрақұрылым	63
9. Қосымша ақпарат.....	63
9.1 Қосымша материалдар.....	63
9.2 Электрондық оқыту	63
10. Бекіту.....	64
1-ҚОСЫМША: Білім беру бағдарламасының негізгі қағидаттары.....	64
Әдебиеттер тізімі:	70

1. Жалпы ақпарат

1.1. Білім беру бағдарламасының атауы	6B01524 География (IP)								
1.2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша топ	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Жетекші университет</th><th>Қатысушы университеттер</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті</td><td>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті</td></tr> <tr> <td></td><td>Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті</td></tr> <tr> <td></td><td>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті</td></tr> </tbody> </table>	Жетекші университет	Қатысушы университеттер	Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті		Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті		М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Жетекші университет	Қатысушы университеттер								
Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті								
	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті								
	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті								
1.3. Білім беру бағдарламасының типі (Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес)	Бакалавриат, 6 деңгей								
1.4. Жалпы академиялық кредиттер саны	254								
1.5. Оқу түрі	Күндізгі								
1.6. Бағдарламаның болжалды ұзақтығы	4 жыл								
1.7. Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері	Бұл «География» білім беру бағдарламасы (БББ) әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығымен және халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген, педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы болып табылады. Бұл білім беру бағдарламасы ұлттық болғандықтан, ондағы сипаттамалық мәтіндерде нақты ақпарат жоқ, бірақ жалпы педагогикалық қағидаттар мен тақырыптар қамтылған (сонымен қатар 1-қосымшаны қараңыз.). Толығырақ сипаттамалар, мысалы, әдіснамалар мен бағалау институционалдық және өңірлік жағдайларды ескере отырып, жоғары оқу орындарының іске асыру жоспарларында айқындалатын болады. «География» білім беру бағдарламасы (БББ) оқу орындарында (мектептер, колледждер, гимназиялар) жаратылыстануды оқытуға маманданғысы келетін оқытушыларға арналған педагогикалық білім беру бағдарламасы. БББ 60 академиялық кредит педагогикалық компоненттен (педагогикалық практиканы қоса алғанда), 56 академиялық кредит міндетті компоненттен және 130 академиялық кредит пәндік компоненттен (8 Академиялық кредит қорытынды аттестаттауды қоса алғанда) тұрады. Пәндік компонент 7 модульден тұрады: "Әлемнің географиялық кескіні", "Физикалық география", "Қоғамдық география", "Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі", "Қазақстан географиясы", "Географиялық білім беруді цифрландыру", "Географиядағы зерттеу дағдылары". Заманауи география саласында пәндік даярлығы, жалпы кәсіптік, коммуникативті және цифрлық құзыреттіліктері бар, білім беру және оқыту үдерісін ұйымдастыруға қабілетті, педагогикалық салада кәсіби қызметті жүзеге асыратын география пәні мұғалімдерін даярлау БББ бірегейлігі география бойынша әзірленген білім беру бағдарламасы зерттеушілік, геоақпараттық және цифрлық дағдыларды дамытуға, функционалдық сауаттылықты, сыни ойлауды, пәнаралық байланысты және икемді дағдыларды дамытуға, студентке бағытталған оқыту қағидаттарына көп көңіл бөлінетінінде.. География ғылымының теориясы мен әдістемесі, географияны оқытудың практикалық әдістемесі, зерттеу құзіреттілігі, құндылыққа бағдарланған құзыреттіліктер сынды география бойынша әзірленген құзыреттіліктер қарым-қатынас, ынтымақтастық, дамыту, ой елегінен өткізу, зерттеу және қоршаған әлемге эмоционалды-құндылық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған. Модульдер курсаралық пәндерді және пәнаралық байланысты қамтиды. БББ білім беруде де, ғылымда да сұранысқа ие болады, өйткені олар студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын қалыптастырады. Географиялық								

	зерттеудің практикалық әдістеріне үйрету далалық тәжірибелер барысында оқытудың бірінші кезеңінен бастап студенттерді географиялық зерттеу және жобалық жұмыстарға тартады. Білім беру бағдарламасы теориялық білімді өмір қажеттіліктеріне жақындату үшін білім беру үдерісінде интеграцияланған оқыту, STEM және CLIL технологиялары ретінде практикаға бағытталған оқыту үлгісін пайдаланады. БББ болашақ мұғалімдердің құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, теңдік, сыйластық, төзімділік қағидаттарын сақтай отырып, оқуға тең мүмкіндіктер береді. Табиғаты жағынан ол пәнаралық, болашақ мұғалімдерге бағытталған, ғылыми интеграцияланған және проблемалық-бағдарланған болып табылады, ал курстарды таңдау тарих пен қоғамның өзекті мәселелерімен анықталады және курстардың халықаралық сипаттамаларына сәйкес келеді. БББ оқыту мен бағалау әдістері, сондай-ақ пәндік курстар бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктерге қол жеткізу мен өлшеуді қамтамасыз ететіндей етіп таңдалатын, сындарлы келісім қағидаттарын көздейтін. Сонымен қатар, БББ болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады.
1.8 Білім беру бағдарламасының негізгі қағидалары	
Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру: Педагогтың құзыреттілігі педагогика саласындағы және оның пәндік саласындағы құзыреттілігін әр түрлі қызмет жағдайында оқытудың теориялық және практикалық құзыреттілігімен біріктіреді. Мұғалім өз пәніне қажетті білім мен дағдыға ие, сондықтан бір пәнді оқытын жастар мен ересектерге білім беріп, бағыт-бағдар бере алады. Мұғалімнің құзыреттілігі жоспарлауға, бағыттауға, оқытуға және бағалауға бағытталған. Сондықтан мұғалімнің оқыту және құзыреттіліктерін дамыту бойынша жеткілікті теориялық білімі болуы керек. Сонымен қатар, бүгінгі еңбек ету саласында ынтымақтастық пен байланыс құруға, дағдыларды дамытуға, өзінің және айналасындағылардың әл-ауқатын қолдау мен сақтауға баса назар аударылады. Мұғалімнің құзыреттілігіне еңбек нарығындағы, білім беру құрылымындағы, жалпы қоғамдағы өзгерістер әсер етеді; осы элементтердің барлығы мұғалім жұмысының қарқынды сипатын көрсетеді. Жұмыс жағдайында болатын түрлі құбылмалы өзгерістер мұғалімнің өз қызметін бағалай алу мен реттей алу қабілетіне көңіл аудартады. Өзін-өзі бағалау дағдысы кәсіби тұлғаны дамытудың маңызды бөлігі болып табылады. Мұғалімдер үнемі құндылықтарға негізделген шешімдер қабылдайды, бұл кәсіби этика мәселелерін қарастыру қажетті кәсіби дағдылардың бірі екенін білдіреді. Өзгерістер сарапшылық білімді дамытуды, үйрену қабілетін, сондай-ақ реформалау және қоғамдағы жұмыс істеу әдістерін жаңартып отыруды талап етеді. Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы. Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы үш бөліктен тұрады: 1) педагогикалық компонент, 2) пәндік компонент, 3) міндетті компонент. Бұл құрылымдардың әрқайсысы модульдер мен тиісті курстардан құралады. Курстардың оқыту нәтижесі оқыту жұмысында қажетті құзыреттіліктерді сипаттайды және ҰБШ (ұлттық біліктілік шеңбері) жүйесінің алтыншы деңгейіне жатады. Білім беру бағдарламасы келесі негізгі қағидаларға негізделеді: - Құзыреттілік әдісі; - Конструктивті (сындарлы) келісім; - Студенттерге бағдарланған және белсенді оқытуды қолдайтын әдістер; - Зерттеуге негізделген оқыту; - Пәнаралық оқыту; - Инклюзия; - Педагогтардың кәсіби дамуы және өзгерістерді басқару; (толығырақ ақпаратты Қосымшадан қараңыз)	
1.9 Берілетін дәреже	
«6B01524 – География» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры	

2. Бағдарламаның негіздемесі

Дүниежүзілік банк қолдап отырған білім беруді жаңғырту жобасының аясында жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдердің тұтас дамуын қамтамасыз ететін құзыреттілікке бағдарланған білім беру қағидаттарына сәйкес педагогикалық білім берудің отыз (30) білім беру бағдарламасын халықаралық әріптестікте қайта қарады. Сонымен қатар студенттерге бағдарланған тәсіл Болашақ мұғалімдер өздерінің сыныптағы жұмысына көшіре алатын, практикалық мысалдар, эксперименттер және тәжірибе ұсыну арқылы оларды мұғалім кәсібіне жақсырақ дайындайды.

Жаңартылған бастауыш және орта білім беру талаптарына сай болу үшін педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері қайта бағаланып, толықтырылуы тиіс. Орта білім берудегі жаңа тәсілдер педагогикалық білім беруде, түлектердің бейінінде көрініс табуы керек. Сондай-ақ, (30) жаңартылған немесе жаңа білім беру бағдарламалары студенттердің мұғалім кәсібінде маңызды жалпы құзыреттіліктерін тиімдірек жетілдіру мақсатында әзірленді. Инклюзивтілік және пәнаралық сынды қазақстандық білім беру жүйесі дамытуға тырысатын, бірқатар педагогикалық қағидалар назарға алынды. Сонымен қатар, бұл білім беру бағдарламаларында қауымдастық пен бүкіл білім беру секторын дамыту үшін жеке тәжірибесі мен мектептерінің іс жүзіндегі қызметін үнемі талдап, бағалай алатын практик-педагог болатындай болашақ мұғалімдердің зерттеу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

3. Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық құзыреттіліктен, пәндік құзыреттіліктен және жалпы құзыреттіліктен тұрады деп анықталған. Демек, құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы үш бөліктен тұрады: 1) Педагогикалық компонент; 2) Пәндік компонент, 3) Міндетті компонент. Құзыреттіліктер саласы мен оқу нәтижелері әрбір компонент үшін жеке-жеке анықталды.

3.1. Педагогикалық және жалпы құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

• Педагогика және дидактика саласындағы құзыреттіліктер

1. Болашақ мұғалімдердің оқу туралы негізгі білімі мен түсінігі бар және оқу/оқыту процесінде оқушылардың әртүрлілігін ескере алады, сонымен қатар олардың өмірлік және оқу контекстін ескере отырып, олардың психологиялық әл-ауқатын этикалық тұрғыдан қолдауға қабілетті.
2. Болашақ мұғалімдер білім беру ортасының әртүрлі типтеріндегі оқу және көшбасшылық процестерін педагогикалық мағыналы түрде жобалауға, жүзеге асыруға, бағалауға және дамытуға, соның ішінде тәрбиешінің оқытуды қолдайтын әртүрлі цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндігіне ие.

• Өзара іс-әрекетке қатысты құзыреттіліктер аясы

3. Болашақ мұғалімдер әртүрлі интерактивті көп мәдениетті қарым-қатынастар мен қоғамдарда, осы қызмет түрінің алдында қойылған мақсаттарды ескере отырып, офлайн да, онлайн да сындарлы сөйлесе алады;
4. Болашақ мұғалімдер әртүрлі кәсіби желілік қауымдастықтарда жұмыс істей алады, сондай-ақ сындарлы меншік педагогикалық және қоғамдық қызметке қажетті кәсіби қарым-қатынасты түзе алады.
5. Болашақ мұғалімдер орта білім берудегі үш тілдік білім беру шеңберінде оқыту мүмкіндігіне, сондай-ақ педагогтың жаһандық білім беру қауымдастығына қатысу қабілетіне ие.

• Педагогтардың жұмыс ортасына қатысты құзыреттіліктер аясы

6. Болашақ мұғалімдер халықаралық және ұлттық келісімдер және құжаттармен, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымдарымен, мекемелерінің жұмысына және өзінің қызметіне әсер ететін ұлттық білім беру қағидаттарымен, заңнамаларымен және ережелерімен таныс.
7. Болашақ мұғалімдер (а) ұйымының қызметіне байланысты өз қызметін қарастыруға; (ә) өзара және мектептен тыс серіктестер (отбасы, аймақтық субъектілер, еңбек қызметі) арасында оң көзқарас пен көп бейінді серіктестікті құру бағытында парасатты жұмыс істеуге қабілетті.

• Кәсіби дамуға қатысты құзыреттіліктер аясы:

8. Болашақ мұғалімдер ойлауға, сондай-ақ өзінің құндылықтарын, ұстанымдарын, этикалық қағидаттары мен жұмыс істеу әдістерін сыни тұрғыдан бағалауға, сонымен қатар меншік педагогикалық дамуы, ұйымының дамуы мен кәсіби өркендеуі жолында жаңа мақсаттар қоюға қабілетті.
9. Болашақ мұғалімдер аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде күтілетін өзгерістерге байланысты өздерінің педагогтік қызметін, жұмыс істейтін ұйымдарының қызметін дамыту қабілетіне ие.
10. Болашақ мұғалімдер әртүрлі сенімді көздерден және әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен теориялық білімді өндіріп, іздеп, сыни іріктей алады, тәжірибелік біліммен қосылып, олар оның өзінің, оның қауымдастығы ұстанатын теорияларды дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар оқытудың алға басуы мен меншік кәсіби өсуі үшін білімді қолдануға қабілетті және дайын.

3.2 Пәндік және жалпы құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері

• Құзыреттілік саласы – география ғылымының теориясы мен әдіснамасы 1. Болашақ мұғалімдер географиялық және онымен байланысты (биология, химия, физика, экология, туризм, экономика негіздері және т.б.) ғылымдар жүйесін түсіну және меңгеру үшін іргелі әдіснамалық және теориялық мәні бар іргелі ғылыми тұжырымдамаларды біліп, түсіне алады. 2. Болашақ мұғалімдер табиғаттың бірлігі мен тұтастығы, адамның табиғатпен негізгі бірлігі туралы түсінік беру үшін географиялық қабатта болып жатқан құбылыстар мен үдерістер арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды жалпылап, талдай алады. 3. Болашақ мұғалімдер географиялық карталардың ерекшеліктері мен қасиеттерін түсініп, кескіндеудің картографиялық тәсілдерін және табиғат нысандарының кеңістіктік-уақыттық үлгісін түсіну қағидаттарын ажырата алады. 4. Болашақ мұғалімдер факторлардың алуандығын, олардың арасындағы күрделі және сызықтық емес байланыстардың болуын анықтау және негіздеу үшін жаһандық деңгейден жергілікті деңгейге дейін адам мекендейтін географиялық ортаны қалыптастыратын және өзгертетін табиғи, экономикалық және әлеуметтік факторларды дәлелдей алады.
• Құзыреттілік саласы – географияны оқытудың практикалық әдістері 5. Болашақ мұғалімдер инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, пәнді оқытудың алға қойған мақсатына сәйкес оқу іс-әрекетінің шарттарын құрастыра алады. 6. Болашақ мұғалімдер қазіргі қоғамның географиялық көзқарасын кеңейту және демонстрациялық эксперимент пен практикалық жұмыстарды әзірлеу, сонымен қатар географиялық карталарды құру, география ғылымының ақпаратын қабылдау, сақтау, өңдеу және беру үшін ІТ қолдана алады. 7. Болашақ мұғалімдер аналитикалық және сыни ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды әзірлеу үшін студенттердің мәдениетаралық білімдерін кеңейте отырып, жаратылыстану пәндерін пәндік-тілдік оқытудың CLIL технологиясын пайдалана алады. 8. Болашақ мұғалімдер қоршаған ортаның жаһандық және жергілікті мәселелерін шешу үшін ғылымның басқа салаларындағы білімдерді қолдану және біріктіру бойынша өз ұстанымдарын дәлелдей алады. 9. Болашақ мұғалімдер білімдерін іс жүзінде көрсету үшін әртүрлі әдістерді қолданады (оның ішінде сыныптағы және сыныптан тыс сабақтар, жеке және топтық жобалар, ауызша, жазбаша және кинестетикалық тапсырмалар)
• Құзыреттілік саласы - Зерттеу құзыреттілігі 10. Болашақ мұғалімдер ҒЗЖ нәтижелеріне негізделген оқыту мазмұнын түсіндіре алады және оқуды зерттеуге бағыттай алады. 11. Болашақ мұғалімдер педагогикалық бақылаулар, эксперименттер және ІТ-технологиялар негізінде жаңа сенімді фактілерді алып, оларды оқу-зерттеу үдерісінде қолдана алады, сыни талдау жүргізеді, оқу зерттеулерінің нәтижелері туралы ақпаратты бағалай алады. 12. Болашақ мұғалімдер оқу үрдісінде зерттеу жүргізу үшін физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық әдістерді және іс-жүзіндегі мәселелерді шешу үшін далалық, геоақпараттық, статистикалық әдістерді қолдана алады. 13. Болашақ мұғалімдер географиялық, экологиялық үдерістер мен құбылыстар салдарының динамикасын болжау мақсатында география бойынша алған білімдерін жүйелеп, жалпылай алады. 14. Болашақ мұғалімдер географияны оқытудың мазмұнын әртүрлі нұсқаларда түсіну үшін зерттеу және проблемаға бағытталған әрекеттерді пайдаланады.
• Құзыреттілік саласы - Құндылыққа бағдарланған құзыреттіліктер 15. Болашақ мұғалімдер географияны оқу үдерісінде құндылықты өзіндік анықтаудың тұжырымдамалық негіздерін түсіндіре алады. 16. Болашақ мұғалімдер құндылық тетігін және құндылық бағдарларының қалыптасу үдерісін (географиялық нысандар мен құбылыстарға қызығушылық, табиғатты сүю және табиғат байлықтарын ұқыпты пайдалану және т.б.) түсінеді. 17. Болашақ мұғалімдер заманауи қоғамның географиялық дүниетанымы мен географиялық мәдениетін түсіндіреді және мүмкіндігі шектеулі оқушыларды инклюзивті білім беруде оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мәселелерін түсінеді, тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізгі факторларын анықтайды. 18. Болашақ мұғалімдер білімдерін пайдалана отырып, әділ, ынтымақтастыққа дайын, тұрақты және бейбіт демократиялық қоғамдастықтарды құра, тұрақты даму мәселелерін шешуге географиялық тәсілдерді бағалай алады.
3.3 Міндетті компонент: құзыреттілік салалары/оқу нәтижелері
• Дүниетанымдық, тарихи және адамгершілік дамуға қатысты құзыреттілік бағыты

1. Болашақ мұғалімдер табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми әрі философиялық таным әдістерімен ғылыми түсіну мен зерттеуді қамтитын философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған ортаны бағалай алады.
2. Болашақ мұғалімдер мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіре алады.
3. Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсініп, ғылыми талдау жасай алады
4. Болашақ мұғалімдер Қазақстанның тарихи оқиғаларының себептері мен салдарын талдай алады.

• **Әлеуметтік, мәдени және азаматтық дамуға қатысты құзыреттіліктер бағыты**

5. Болашақ мұғалімдер өзінің моральдық және азаматтық ұстанымдарын дамыта алуы және қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларына сәйкес әрекет ете алады.
6. Болашақ мұғалімдер әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білімдерінің негіздерін біледі және түсінеді, өзінің жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсете алады.
7. Болашақ мұғалімдер әлеуметтік және өндірістік саладағы жағдайларға баға беріп, болып жатқанның барлығына өзінің берген бағасын дәлелдей алады.

• **Тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынасқа қатысты құзыреттіліктер бағыты**

8. Болашақ мұғалімдер тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың түрлі саласында жағдайды бағалай алады; қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша/жазбаша қарым-қатынас жасай алады.
9. Болашақ мұғалімнің өзінің жеке қызметінде ақпараттық-байланыстық технологияның түрлерін – ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау, тарату үшін интернет-ресурстарды, бұлтты және мобильді сервистерді пайдалану мүмкіндігіне ие.
10. Болашақ мұғалімдер дене тәрбиесі әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметін қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстана алады.
11. Болашақ мұғалімдер әдіснама мен талдауды таңдай, ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін қолдана, сондай-ақ жаңа білімді түзе алады.

4. Бағдарлама құрылымы және оқыту нәтижелері

4.1. Педагогикалық компоненттің құрылымы

Педагогикалық компоненттің көлемі педагогикалық практиканы қоса алғанда, 60 академиялық кредитті құрайды. Бұл компонент ПБ барлық оқу бағдарламалары үшін ортақ болып табылады. Педагогикалық компонентті жобалау үдерісіне барлық университеттер бірлесе қатысты. Компонент икемді болып табылады және жекелеген университеттер оны нақты жағдай мен қажеттіліктеріне сәйкес іске асыруға мүмкіндік берілген.

Педагогикалық компоненттің жалпы құрылымы:

Модуль атауы және негізгі пәндер	Академиялық кредит
БІЛІМ АЛУШЫНЫ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚОЛДАУ	17
Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары	4
Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары	3
Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	3
Инклюзивті білім беру ортасы	3
Оқытуды жоспарлау және дербес оқыту	4
ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҮЙРЕТУ ҮШІН БАҒАЛАУ	9
Оқыту әдістері мен технологиялары	5
Бағалау және дамыту	4
МҰҒАЛІМ - РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ПРАКТИКА ИЕСІ	9
Педагогикалық зерттеулер	4
Зерттеулер, даму және инновациялар	5
МҰҒАЛІМ – ОҚУ ФАСИЛИТАТОРЫ (ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА)	25

Мұғалім кәсібіне кіріспе (оқу практика, 1-курс)	2
Психологиялық және педагогикалық бағалау (психологиялық- педагогикалық практика, 2-курс)	2
Педагогикалық технология (педагогикалық практика, 3-курс)	6
Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар (өндірістік-педагогикалық практика, 4-курс)	15
Жалпы академиялық кредит саны	60

Модульдер, курстар мен олардың оқу нәтижелері және құзыреттіліктер салаларымен байланысы жайлы толығырақ:

Білім алушыны тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит

Бұл модульде білім алушылардың дара қажеттіліктерін және оқытудағы дара айырмашылықтарды түсінуге көмектесетін психологиялық теориялар, тұжырымдар мен үлгілердің шолуы келтірілген. Модуль педагогикалық мамандық болашақ мұғалімдерінің бойында оқытуды дараландыру және оқыту барысында білім алушылардың алуандығын ескеруге мүмкіндік беретін құзыреттіліктерді қалыптастырады. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын құру және қолдау арқылы модуль білім алушылардың амандығын арттыру маңыздылығына басты назар аударады.

Курс атауы	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Білім алушыны тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1) • Әрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4) Болашақ мұғалімдер заманауи психологиялық теориялар мен үлгілер, сондай-ақ тұлғаның қызметі және оның жеке қасиеттері туралы білімге ие. Олар бұл білімді әртүрлі білім беру мәнмәтінінде мұғалімдік қызметінде қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үрдісінде диалогты, өзара әрекеттесуді және қарым-қатынасты дамыта отырып, білім алушылардың қолайлы дамуына ықпал етеді. Олар білім алушылардың отбасыларымен, сондай-ақ серіктестіктің басқа да түрлері шеңберінде қарым-қатынас жасауға, өзара әрекеттесуге және ынтымақтасуға және өздерінің педагогикалық қызметін дамытуға қолайлы жаңа өзара байланыстар жасауға қабілетті.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • педагогикалық психологияның негізгі ұғымдары мен терминдерін меңгеріп, психологиялық-педагогикалық білімді практика жүзінде қолданудың негізгі салаларын біледі • оқу және тәрбие үдерісіндегі адамның танымдық және жеке даму заңдылықтарын, фактілер мен құбылыстарды талдайды • әр түрлі деңгейдегі білім беру ортасын жобалау, сараптау және түзету мәселелерін шешуде кешенді тәсілді қолданады • үздіксіз оқыту тұжырымдамасын адамның когнитивті және жеке даму үрдісінің бөлігі ретінде түсінеді • жеке, қоғамдық және желілік деңгейлердегі қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің негізгі тұжырымдамалары мен теорияларын қолданады • оқуға көмектесу үшін ең қолайлы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу әдістерін таңдай алады (офлайн, онлайн, аралас, гибриді) • қолайлы орта қалыптастыруға және дамуына ықпал ететін әрекет жасай алады.

Курс атауы	Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары
Компонент	Педагогикалық компонент

Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Білім алушыны тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2); Оқыту теориялары, заманауи дидактикалық тұжырымдамалар және оқытудың инновациялық технологиялары туралы білімді кеңейту және қалыптастыру: педагогика және дидактика саласындағы педагогикалық құзыреттілікті жетілдіру болып табылады. Мазмұны: болашақ мұғалімдер әртүрлі оқыту теориялары мен педагогикалық модельдерге әкелетін адам туралы тұжырымдамалық түсініктер сияқты педагогикалық ғылымның негіздерін үйренеді. Теориялық тұжырымдамаларды түсінуге сүйене отырып, болашақ мұғалімдер әртүрлі оқу жағдайлары үшін тиісті педагогикалық таңдау жасай алады. Қалыптасқан құзыреттіліктер: оқытудың жан-жақты процестеріне сәйкес келетін оқыту теориялары мен педагогикалық модельдерді қолдану.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - адам тұжырымдамалары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; - оқыту теориялары мен олардың оқуды түсінудегі және білім беру үдерісін жобалаудағы маңызын ажыратады; - жан-жақты оқыту үдерісіне қолайлы оқыту теориялары мен педагогикалық үлгілерді қолданады.
Курс атауы	Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Білім алушыны тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (2) Болашақ мұғалімдер психиканың қалыптасуымен, оның қызметімен және даму заңдылықтарымен танысады. Болашақ мұғалімдер білім алушылардың дауымен бақылай алады және соған сай жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу үрдістерін жоспарлап, жүзеге асыра алады және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере алады. Болашақ мұғалімдер әр түрлі жағдайларда шығармашылық тұрғыда және жағдаятқа сай әрекет ете алады және жалпы білім беру мен білім алушылардың игілігін сақтай алады. Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • әр білім алушылардың бастапқы кезеңдерін, олардың оқу әлеуеті мен нақты қолдау қажеттіліктерін тани алады; • өз білім алушыларына нақты қолдау, жетекшілік ету, оқыту және бағалауға қатысты жеке қажеттіліктерін қарастыра алады; • инклюзия мен нақты қолдау көрсету үшін әртүрлі әдіснамалық шешімдермен танысады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - әр білім алушылардың бастапқы кезеңдерін, олардың оқу әлеуеті мен нақты қолдау қажеттіліктерін тани алады - өз білім алушыларына нақты қолдау, жетекшілік ету, оқыту және бағалауға қатысты жеке қажеттіліктерін қарастыра алады - инклюзия мен нақты қолдау көрсету үшін әртүрлі әдіснамалық шешімдермен танысады
Курс атауы	Инклюзивті білім беру ортасы
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Білім алушыны тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит

Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (2); - Мұғалімдердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6,7) Болашақ мұғалімдер оқыту үдерісінде білім алушылардың әртүрлілігін түсінеді, сондай-ақ олардың өмірі мен оқу жағдаяттарын ескеру мүмкіндігіне ие. болашақ мұғалімдер тиісті АКТ, үйретуші және көмекші технологияларды қолдана отырып, білім алушыларды оқытуды және оларды білім беру үдерісіне қосуда қолдайды. Болашақ мұғалімдер қауымдастықпен (мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар/қамқоршылар) ынтымақтастықта, психологиялық және этикалық тұрғыдан олардың әл-ауқатын қолдайды. Мақсаты: педагогика, дидактика және мұғалімдердің жұмыс ортасының құзыреттілігін арттыру. Студенттер оқу/оқыту процесінде оқушылардың әртүрлілігін түсіну және ескеру мүмкіндігіне ие, олардың өмірі мен оқуының мәнмәтінін ескере отырып, ақыл-ой және этикалық тұрғыдан әл-ауқатты қолдайды. Студенттер: * әртүрлілікті қабылдау, мектептерде туындайтын қатысу мен оқудағы кедергілерді анықтайды. * даму басымдықтарын анықтап, әртүрлілікті қолдау үшін іс-шараларды жоспарлайды (білім беру бағдарламаларын бейімдеу, сараланған сабақтарды әзірлейді). * барлық оқушыларды қолдау үшін АКТ қолданады; * инклюзивті құндылықтардың негізін құру және оқушылардың тұрақты мектеп жүйелеріне қатысуы мен үлгерімін қолдау мақсатында мектеп қоғамдастығында (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар/қамқоршылар) ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - әр түрлі оқушылар тобына қатысу мен оқуға әсер ететін жеке білім беру қажеттіліктерін анықтайды; - білім алушылардың оқуын қолдау және оларды білім беру үдерісіне қосу үшін АКТ және көмекші технологияларды пайдаланады. - ынтымақтастық пен инклюзияға ықпал ететін құндылықтар мен тәсілдерді үйретеді; - қоғамдастықтың ынтымақтастығын қолдайды (мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар/қамқоршылар).
Курс атауы	Оқытуды жоспарлау және дербес оқыту
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Білім алушыны тұлға ретінде қолдау, барлығы 17 академиялық кредит
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2) Болашақ мұғалімдер өздерінің оқыту саласындағы білім беру бағдарламаларымен, сондай-ақ кәсіпкерлік пен тұрақты даму сияқты білім берудің белгілі бір деңгейін дамытудың педагогикалық қағидаларымен және қиылысатын тақырыптарымен таныс. Болашақ мұғалімдерде педагогикалық және өз бетінше ізденістерге негізделген оқыту технологияларын қолдану және оқыту үдерісіне оқушылардың жан-жақтылығын және инклюзия қағидаларын ескере отырып, оқытуды дараландыру дағдылары бар.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - білім беру бағдарламасының негізгі қағидалары мен талаптарын өзінің оқыту саласында түсінеді және оларды оқу іс-әрекетін жоспарлау және өткізу кезінде қолданады; - білім алушылардың оқуына әсер ететін факторлар мен жағдайларды анықтайды - білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып және олардың тұлғалық және өзін-өзі құрметтеуді дамытуды қолдау, оның ішінде кәсіптік бағдар беруді ескере отырып, инклюзивтік, оқытуды және көшбасшылықты даралау (оқу бағдарламаларын бейімдеу, сараланған сабақтарды әзірлеу) қағидаттарын тәжірибеге енгізеді.

Оқыту және үйрету үшін бағалау, барлығы 9 академиялық кредит

Бұл модуль педагогикалық жоғары оқу орындары болашақ мұғалімдерінің бойында интерактивті және студенттерге бағдарланған оқытуды жүргізу мен оқыту мақсаттарына сәйкес бағалау құзыреттіліктерін қалыптастырады. Модуль сандық құралдар мен технологияларды қолдануға, қоғам мен білім беру ортасындағы тұрақты өзгерістер жағдайында педагогикалық технологияларды жаңарту және қолдануға басты назар аударады. Бұл модуль педагогикалық мамандық болашақ мұғалімдерінде меншік педагогикалық қызметін жақсарту үшін әртүрлі әріптестік бірлестіктерде қарым-қатынас құру және серіктестік құзыреттіліктерінің дамуына ықпал етеді.

Курс атауы	Оқыту әдістері мен технологиялары
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Оқыту және үйрету үшін бағалау, барлығы 9 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2) Болашақ мұғалімдер оқытудың стратегиялары мен әдістемелерін жан-жақты түсінеді және оларды нақты педагогикалық жағдайларға, мектептің нақты шарттарына және оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін инновациялық әдістермен жоспарлауда, оқытуда және бағалауда қолдана алады. Болашақ мұғалімдер білім беру үдерісінің әртүрлі кезеңдерінде қолайлы инклюзивті, физикалық және онлайн оқыту ортасын құра алады. Болашақ мұғалімдер оқу материалдарын жоспарлау кезінде авторлық құқық пен деректерді қорғау ережелерін түсінеді және қолдана алады. Болашақ мұғалімдердің дидактика, оқыту технологиялары мен оқушыларды ынталандыру әдістері бойынша қажетті білімдері бар, оқушыларға қажетті педагогикалық көмек көрсете алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • оқытуға сәйкес келетін педагогикалық үлгілерді таңдай алады • технология беретін мүмкіндіктерді ескере отырып, оқыту әдістерін шығармашылықпен және әр түрлі етіп қолдана алады • оқытуда тиісті инклюзивті ортасын қолдана алады • білім алушыларды ынталандыру және олардың оқудағы жетістіктерін қолдау үшін жетекшілік әдістерін қолданады.

Курс атауы	Бағалау және дамыту
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Оқыту және үйрету үшін бағалау, барлығы 9 академиялық кредит
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (2) Мақсаты: педагогика және дидактика саласындағы педагогикалық құзыреттілікті арттыру, оқу процесінде бағалаудың маңыздылығын түсінуді тереңдету және оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінде этикалық тұрғыдан сындарлы бағалауды қамтамасыз етуге және білім алушыларды немесе оқушыларды бағалауға тартуға қабілетті; Мазмұны: бағалаудың әртүрлі технологиялары, принциптері, кезеңдері, олардың білім саласын бағалау құралдары (оның ішінде формативті және жиынтық бағалау және өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және т. б.), бағалау мен кері байланыстың әртүрлі әдістері (мысалы, қалыптастырушы және қорытынды бағалау), оқушылардың білім беру құзыреттілік деңгейлерін, даму жүйелерін анықтау және тану бойынша педагогикалық принциптерді қолдану оқушылардың өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдылары.

Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - бағалау мен кері байланыстың әртүрлі әдістерін (мысалы, қалыптастырушы және қорытынды бағалау) жақсы біледі - білім алушылардың білім беру құзыреттілігінің деңгейлерін анықтау мен тануда педагогикалық принциптерді қолданады - білім алушылардың және әріптестерінің өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын дамыту жүйесін мойындайды және қолдана алады.
----------------	--

Мұғалім - рефлексиялық практика иесі, барлығы 9 академиялық кредит

Бұл модуль педагогиканың әдіснамалық негіздерін зерттеуге бағытталған және педагогикалық зерттеулер оқыту практикасында қалай әсер ететіні жайлы түсінікті қалыптастырады. Модуль ЖОО студенттерінің бойында өзін мұғалім ретінде сезіну және өзінің педагогикалық қызметін жетілдіру үшін рефлексия дағдыларын, сондай-ақ үздіксіз білім алуды қамтамасыз ету үшін педагогикалық дамудың жаңа мақсаттарын қою қабілетін дамытуға ықпал етеді. Модульде сондай-ақ мұғалім жұмысының этикалық тұстары және олардың дамуы да қаралады.

Курс атауы	Педагогикалық зерттеулер
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Мұғалім - рефлексиялық практика иесі, барлығы 9 академиялық кредит
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (10) Мақсаты: іздеу дағдыларын игеру, әртүрлі көздерден білімді сыни тұрғыдан іріктеу, зерттеу нәтижелерін өзінің педагогикалық ойлауы мен практикасын дамытуда пайдалану. Студенттер білім беру саласындағы өзгерістерді олардың даму перспективаларын біледі, педагогика негізін және оның негізгі терминологиясын, педагогикадағы зерттеудің орталық бағыттарын танып және күнделікті ойлау мен ғылыми білім арасындағы айырмашылықты түсінеді.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - педагогиканың табиғатын және оның негізгі терминологиясын біледі - педагогикадағы негізгі зерттеу салаларын анықтайды және күнделікті өмірдегі ойлау мен ғылыми білім арасындағы айырмашылықты түсінеді - білім беру саласындағы өзгерістерді бақылап отырады және олардың сіздің мұғалім ретіндегі жұмысыңызға қалай әсер ететінін қарастырады.

Курс атауы	Зерттеулер, даму және инновациялар
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Мұғалім - рефлексиялық практика иесі, барлығы 9 академиялық кредит
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (8, 9) - Өрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (5) Қазіргі заман деңгейінде болу, өзін және жұмысын үнемі дамыту мүмкіндігіне ие болу үшін болашақ мұғалімдер зерттеуге негізделген жаңа білім алады және білім беру мен мұғалім кәсібінің дамуына, әртүрлі желілерде оқытудың инновациялық тәсілдеріне, сонымен қатар білім алушыларды оқыту мен басқаруға қатысты зерттеулер жүргізеді. Болашақ мұғалімдер дамуға бағытталған ойлау тәсілін меңгереді, қоғамда және білім беру ортасында болып жатқан өзгерістер контекстінде оқытудың инновациялық тәсілдері мен технологияларын әзірлеуге, жаңартуға және қолдануға қабілетті. Болашақ мұғалімдер мұғалім ретіндегі жұмысының ғылыми дәлелді дамуы туралы білу үшін

	шағын зерттеу жобасын әзірлейді. Олар өздерінің зерттеу тақырыбын/сұрақтарын анықтайды, әдебиеттерге шолу жасайды және зерттеу этикасын қоса алғанда, деректерді жинау және талдау әдіснамасын әзірлейді. Курсты аяқтағаннан кейін болашақ мұғалімдер этикалық жүргізілген зерттеулер және әзірлемелердің негізінде педагогикалық іс-әрекетін дамытып, жаңарта алады, сонымен қатар зерттеу жобаларын жүзеге асыра алады немесе оларға қатыса алады. Сондай-ақ олар өздерінің зерттеулері мен әзірлемелерінің нәтижелерін әртүрлі кәсіби тәсілдермен және арналармен ұсына алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • жақсартуға болатын бағыттарды табу үшін өзінің кәсіби жұмысы мен жұмыс ортасын бағалайды; • өзінің кәсіби іс-әрекетінде зерттеуге негізделген тәсілді қолданады және өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізеді; • зерттеу үдерістерінің этикалық тұстарын ескереді және қолданады; • бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу үшін деректерді жинау және пайдалану кезінде сыни тұрғыдан ойлауды қолданады; • ғылыми зерттеулерге қатысады және/немесе университеттер мен мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты дамытады; • әр түрлі коммуникация формаларын пайдалана отырып, өзінің ғылыми-зерттеу қызметін құжаттайды және нәтижелерді ұсынады.

Мұғалім – оқу фасилитаторы (Педагогикалық практика), барлығы 25 академиялық кредит

Бұл модуль екі оқу жылы ішінде педагогикалық практикадан өту арқылы теориялық білімді практикалық дағдыларға айналдыруға, сондай-ақ бүгін және болашақта мұғалім мамандығына қойылатын талаптарға жауап беретін мұғалімнің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруға бағытталған. Модуль барысында болашақ мұғалімдер кәсіби өсудің үздіксіз үдерісіне ықпал ететін тәжірибеге бағытталған зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

Педагогикалық практика төрт кезеңнен тұрады, әр оқу жылына бір реттен, олардың әрқайсысының өзіндік нақты оқу нәтижелері бар, онда болашақ мұғалімдердің құзыреттері танысу мен бақылаудан бастап білім беру үдерісін жобалауға және өз сабақтарын өткізуге, сондай-ақ тәжірибеге бағытталған зерттеу қызметі арқылы өз жұмыс ортасын дамытуға дейін біртіндеп тереңдей түседі.

Барлық кезеңдерінде белгілі бір пререквизиттері бар және болашақ мұғалімдер педагогикалық практикаға кіріспес бұрын белгілі бір пәндік және/немесе педагогикалық пәндерден өтуі керек, академиялық кредиттер саны факультеттер мен/немесе білім беру бағдарламалары арасында өзгеруі мүмкін.

Курс атауы	Мұғалім кәсібіне кіріспе (оқу практикасы, 1-курс)
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Мұғалім – оқу фасилитаторы, барлығы 25 академиялық кредит
Академиялық кредит	2
Курс/құзыреттілік сипаты	Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Педагогика мен дидактика саласындағы құзыреттіліктер (1, 2) • Өрекеттестік үшін құзыреттіліктер саласы (3, 4, 5) • Мұғалімдердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы (6, 7) • Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (8, 9, 10) Бұл курстың мақсаты болашақ мұғалімдерді білім беру үдерісімен және білім беру ұйымдарындағы жағдаймен таныстыру, оларды болашақ кәсіби қызмет жағдайына бейімдеу болып табылады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің нормативтік-заңнамалық базасын,

	білім беру ұйымдарының қызметін реттеуші құжаттарды түсінеді және сипаттайды • мектеп құжаттамасын жүргізуге арналған негізгі құжаттарды (оқу орнының жұмыс жоспарлары, «Күнделік» электрондық күнделігі, қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді сабақ жоспарлауы және т.б.) ажыратады және түсіндіреді • білім алушылардың әлеуметтік, жас, психофизикалық және жеке ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу үдерісінде педагогика мен психологияның теориялық және қолданбалы аспектілерін түсіну.
--	---

Курс атауы	Психологиялық және педагогикалық бағалау (психологиялық -педагогикалық практика, 2-курс)
Компонент	Педагогикалық компонент
Цикл	Базалық пәндер
Модуль	Мұғалім – оқу фасилитаторы, барлығы 25 академиялық кредит
Академиялық кредит	2
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Әлеуметтік география, 29 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер

Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(8) • Зерттеу құзыреттілігі (10.14) Мақсаты: дүниежүзінің әртүрлі аймақтарындағы рекреациялық ресурстар және туризмнің дамуының перспективаларымен таныстыру. Студенттер: рекреациялық әрекеттерді аумақтық ұйымдастырудың заңдылықтары мен рекреациялық ресурстардың таралуына талдау жасау; •адамзаттың әртүрлі рекреациялық іс-әрекетін жүзеге асырудың жағдайларын зерттеу; •психофизиологиялық күштерді қайта қалпына келтіруге бағытталған адамдардың әртүрлі рекреациялық әрекеттерін бағалау.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • рекреациялық ресурстардың таралуын және рекреациялық қызметті аумақтық ұйымдастыру заңдылықтарын талдайды; • адамның әртүрлі рекреациялық іс-әрекетін жүзеге асыру жағдайларын зерттейді; • адамдардың психофизикалық күшін қалпына келтіруге бағытталған түрлі рекреациялық іс-әрекеттерін бағалайды;

Курс атауы	Мәдениет географиясы
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Әлеуметтік география, 29 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (1) • Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі (9) Мақсаты: табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылатын кеңістіктік мәдени айырмашылықтарды және мәдениеттердің аумақтық таралуын зерделеу. Студенттер мүмкін: • мәдени және географиялық кеңістіктің өзара әрекеттесуі туралы білімді пайдалана алады; • мәдени география мен мәдениеттанудың өзара байланысының жалпы тенденцияларын талдайды; • жер аймақтары арасындағы кеңістіктік және мәдени айырмашылықтарды зерттейді; • әлемнің мәдени аудандарының электрондық карталарын жасау үшін геоақпараттық технологияларды қолданады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • қоғам дамуының белгілі бір деңгейін түсіндіру үшін мәдени кеңістік (ноосфера) пен географиялық кеңістіктің өзара әрекеттестігі туралы білімді пайдаланады; • мәдени география мен мәдениеттану арасындағы байланыстың жалпы келешегін талдайды; • географиялық кеңістіктерді олардың мәдени бірегейлігі тұрғысынан сәйкестендіру негізінде Жердің аймақтары арасындағы кеңістіктік және мәдени айырмашылықтарды зерттейді; • мәдениеттегі географиялық бейнелерді түсіну үшін философиядағы, жаратылыстану және басқа гуманитарлық ғылымдардағы географиялық кеңістік бейнелерін зерттеу дәстүрлерін талдайды; • Әлемнің мәдени аймақтарының электрондық карталарын құрастыру үшін геоақпараттық технологияларды қолданады; • әртүрлі мәдениет түрлерінің кеңістіктік алуандығының заңдылықтарын бағалайды

Курс атауы	Заманауи топонимика
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Әлеуметтік география, 29 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(6,9) - Зерттеу құзыреттілігі (11) Мақсаты: жер атауларының емлесі мен айтылу заңдылықтарын, географиялық атаулардың әртүрлілігін анықтайтын факторларды зерделеу. Студенттер: • топонимдердің айтылуын талдау негізінде жер атауларының әртүрлілігін анықтау; • табиғи аумақтық және аквалдық атауларды тіркеудің әртүрлі әдістерін қолдану; • географиялық номенклатураның қалыптасуы мен өзгеру проблемаларын айқындау; • жердің әртүрлі аймақтары мен халықтарының жергілікті жер атаулары туралы мысалдар келтіру.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - белгіленген ресми атау мен жергілікті халық қолданатын атау арасындағы айырмашылықты анықтайды; - сұрау барысында топонимикалық мәліметтерді алудың әртүрлі әдістерін қолданады; - географиялық атаулардың жергілікті жерде қолданылуы және олардың қолданылуы туралы ақпарат алу үшін далалық зерттеулер жүргізеді; - берілген атау қатысты жердің, нысанның немесе аймақтың орналасуын талдап, салыстырады.

Курс атауы	Қалалар мен ауылдық елді мекендер географиясы
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Әлеуметтік география, 29 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Зерттеу құзыреттілігі (10,11,12,14) Мақсаты: елді мекендердің негізгі түрлерінің ерекшеліктерін ашу. Студенттер: • статистикалық деректер бойынша еліміздің әр түкпіріндегі қала мен ауыл халқының арақатынасының көрсеткіштерін салыстырады; • урбанизацияланған аумақтардың экологиялық мәселелерін зерттеу және проблемаларды шешу жолдарын ұсына алады; • қалалық жүйелердің дамуының негізгі кезеңдерін және ауылдық елді мекендердің даму заңдылықтарын талдайды; географиялық кеңістікті ұйымдастырудағы қалалардың рөлін, олардың құрылымы мен даму динамикасын бағалай алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - статистикалық мәліметтер бойынша елдің әртүрлі аймақтарындағы қала мен ауыл халқының арақатынасын салыстырады; - қалалық аумақтардың экологиялық проблемаларын зерттейді және проблемаларды шешу жолдарын ұсынады; - қала жүйелері дамуының негізгі кезеңдерін және ауылдық елді мекендердің даму заңдылықтарын талдайды;

	географиялық кеңістікті ұйымдастырудағы қалалардың рөлін, олардың құрылымы мен даму динамикасын бағалайды
Курс атауы	Тұрғындар географиясы
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Әлеуметтік география, 29 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (4) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(9) Мақсаты: қазіргі әлемде болып жатқан демографиялық үдерістердің теориялық және практикалық негіздерін зерттеу. Студенттер: • дүниежүзі халқы санының динамикасын сипаттайтын демографиялық үдерістер мен құбылыстарды ажырата алады; • жалпы және аймақтық демографиялық, миграциялық, этникалық үдерістердің ерекшеліктерін талдайды; • жеке елдер халық санының өзгерістері туралы болжамдарды негіздей алады; • халықпен байланысты үдерістерді талдауда кешенді географиялық тәсілдерді қолданады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - халықтың аймақтық демографиялық мәселелерін шешуде заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолданады; - жекелеген аймақтар мен елдердің халық санының динамикасын сипаттайтын демографиялық үдерістер мен құбылыстарды ажыратады; - демографиялық, миграциялық, этникалық үдерістердің, отырықшылық пен урбандалу үдерістерінің жалпы және аймақтық ерекшеліктерін талдайды; - халықпен байланысты үдерістерді кешенді географиялық талдау әдістерін қолданады; - жекелеген елдердегі халық санының өзгеруі, оның жыныстық-жастық құрылымы, адами капиталдың дамуы туралы болжамдарды негіздейді; - қоныс аудару сызбаларын құру, әртүрлі көлемдегі аумақтарды кеңістіктік жоспарлау үшін халықтың саны мен құрамын болжайды, еңбек нарығындағы жағдайды және оның динамикасын бағалайды,
Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі, 17 академиялық кредит	
Модуль шеңберінде болашақ мұғалімдер қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін ұлттық және жаһандық ауқымда зерттейді. Олар қоғам мен географиялық орта арасындағы тұрақты заттардың алмасуы туралы өздерінің білімдерін жетілдіреді. Болашақ мұғалімдер өздерінің қоғам мен табиғат арасындағы байланыстың қоғамның экономикалық, физиологиялық, адамгершілік, экологиялық әл-ауқатына әсері жайлы түсініктерін қалыптастырады. Олар экологиялық зерттеуді және қоршаған ортаны кеңістіктік талдауын жүргізу дағдыларын иеленеді.	
Курс атауы	Табиғатты пайдалану экономикасы
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі, 17 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (2) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(9) Мақсаты: табиғатты пайдаланудың негіздерін зерттеу және әлемдік және отандық

	табиғатты пайдалану бойынша тәжірибелерді талдау. Студенттер: • табиғатты пайдаланудағы экономикалық тиімділікті анықтау үшін өндірістік іс-әрекетке экологиялық талдаулар жүргізу; • деректерді пайдаланып, елдердегі жеке аудандардың табиғатты пайдаланудағы ерекшеліктері туралы жобалар жасау; • қоршаған ортаға ластауынан болатын экономикалық залалдың мөлшерін анықтау үшін табиғат ресурстарын бағалау.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • табиғатты қорғау іс-шараларын ұйымдастыруға мысалдар келтіреді; • табиғатты пайдаланудағы экономикалық тиімділікті анықтау үшін өндірістік қызметке экологиялық талдау жүргізеді; • әртүрлі мәліметтерді пайдалану негізінде елдердің жекелеген аймақтарының табиғатты пайдалану ерекшеліктері бойынша жобаларды құрады; • қоршаған ортаның ластауынан келген экономикалық зиянның көлемін анықтау үшін табиғи ресурстарға экономикалық бағалау жүргізеді
Курс атауы	Қоршаған орта және тұрақты даму
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі, 17 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (2,4) • Зерттеу құзыреттілігі (13) • Құндылыққа бағдарланған құзыреттіліктер (18) Мақсаты: қоршаған ортаның қазіргі жағдайы және өңірлердің тұрақты дамуы мәселелерін зерттеу болып табылады. Студенттер: • адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін, экологиялық дағдарыстарды және оларды жеңу жолдарын зерттейді; • табиғатты қорғауды, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын талдайды; • аймақтардың тұрақты дамуын анықтау үшін геоақпараттық технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі көрсеткіштерді бақылаудың әртүрлі әдістерін қолданады; қоршаған ортаның жай-күйін және елдің тұрақты дамуын бағалай алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін, экологиялық дағдарыстарды және оларды жеңу жолдарын зерттейді; • табиғатты қорғау, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын талдайды; • әртүрлі елдерде және Қазақстан Республикасында тұрақты даму идеяларын жүзеге асыру үшін қоршаған ортаны сақтауға өз көзқарасын ұсынады; • аймақтардың тұрақты дамуын анықтау үшін геоақпараттық технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі көрсеткіштерді бақылаудың әртүрлі әдістерін қолданады; • қоршаған ортаның жағдайын және елдің тұрақты дамуын бағалайды.
Курс атауы	Геоглобалистика
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі, 17 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (2)

	Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(9) Мақсаты: ғаламдық проблемаларды, ғаламдық үдерістерді және ғаламдануды зерттеу, Жер бетінде болып жатқан әлемдік ғаламданудың қалыптасуы тарихы мен үдерістердің жиынтығын қарастыру. Студенттер: • қазіргі Қазақстанның жағдайын жаһандану контекстінде қарастыру; •жаһандану мәселесін жалрылау үшін оқу іс-әрекетінде жаһандық зерттеу нәтижелерін қолдану; •ел экономикасы мен саясатының дамуына әсер ететін жаһандық үдерістерді бағалау.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - жаһандану мәселесін түсіну үшін табиғат пен қоғамның жаһандық үдерістерін түсіндіреді; - жаһандану жағдайында қазіргі Қазақстанның ұстанымын қарастырады; - жаһандану мәселесін жалпылау үшін білім беру қызметінде жаһандық зерттеулердің нәтижелерін қолданады; - ел экономикасы мен саясатының дамуына әсер ететін жаһандық үдерістерді бағалайды
Курс атауы	Табиғи тәуекел географиясы
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі, 17 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілігі к сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (4) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(9) Мақсаты: болашақ мұғалімдерді табиғаттың қауіпті құбылыстарымен және қауіпті табиғи және табиғи-техногендік құбылыстар мен тәуекелдерді дамыту тетіктерімен таныстыру болып табылады. Студенттер: • табиғи және табиғи-экологиялық қауіптер мен тәуекелдердің сипаттады; • жағымсыз салдардың алдын алу үшін табиғаттың қауіпті құбылыстарын талдайды; • қауіпті табиғи және әлеуметтік-техногендік құбылыстардың кеңістіктік-уақыттық көріністеріне мысалдар келтіреді; • жаһандық проблемаларды зерттеу экономика мен қоршаған ортаның тұрақты дамуын анықтайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - табиғи және табиғи-экологиялық қауіптер мен тәуекелдердің сипаттамасын жасайды; - жағымсыз салдардың алдын алу үшін табиғи қауіп-қатерді талдайды; - қауіпті табиғи және әлеуметтік-техногендік құбылыстардың кеңістіктік және уақыттық көріністеріне, олардың экономика салаларына және халыққа әсеріне мысалдар келтіреді; - экономика мен қоршаған ортаның тұрақты дамуын анықтау үшін жаһандық мәселелерді зерттейді
Курс атауы	Геокикілжің
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі, 17 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілігі к сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: Зерттеу құзыреттілігі (10,11,12) Мақсаты: саяси қатығыстардың пайда болуы мен дамуына әсер ететін географиялық,

	саяси және басқа да өзара әрекеттесетін факторларды бірлікте зерделеу. Студенттер: • геосаяси мәселелерді шешудегі елдердің өзара іс-әрекеттерін түсіндіреді; • саяси қақтығыстардың пайда болуы мен дамуына әсер ететін факторларды анықтайды; • географиялық ойлау арқылы геосаясаттың, саяси географияның және геоконфликтологияның заманауи мәселелерін қабылдау дағдыларын қолданады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • геосаяси мәселелерді шешудегі елдердің өзара әрекетін түсіндіреді; • саяси қақтығыстардың пайда болуы мен дамуының өзара әсер етуші факторларын анықтайды; • әлемнің әртүрлі аймақтарындағы жағымсыз үрдістердің алдын алу жолдарын іздеу мақсатында «геоконфликтологиялық үдерістерді» үлгілейді; • географиялық ойлау арқылы геосаясаттың, саяси географияның және геоконфликтологияның заманауи мәселелерін қабылдау дағдыларын қолданады
Курс атауы	Әлемдік шаруашылық
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі, 17 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (1) • Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(9) Мақсаты: экономикалық шындықтың кеңістікке қатынасын және homo economicus пен кеңістіктің өзара әрекеттесуін зерделеу. Студенттер: • тауарларды өндіру және тарату саласына кеңістіктік факторлардың әсерін анықтайды; • әлемдік экономиканың экономикалық қызметін өрістету үшін білімді пайдалануады; • кеңістіктің ерекшеліктері мен әдістеріне сәйкес экономикалық шындықты баяндайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • әлемдік шаруашылықтың даму заңдылықтарын және интернационалдану нәтижесін, оның әлемдік шаруашылық құрылымына әсерін түсіндіреді; • халықаралық еңбек бөлінісіне, әртүрлі экономикалық қатынастарға негізделген ұлттық шаруашылықтардың өзара байланысын анықтайды; • экономикалық бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштері бойынша әлем елдерінің рейтингін жаһандық зерттеу нәтижелерін талдайды
Курс атауы	Климаттың өзгеруі және салдары
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі, 17 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Зерттеу құзыреттілігі (10,11,13) Мақсаты: климаттың ғаламдық өзгеруінің өзекті мәселелерін зерттеу. Студенттер: • экстремалды ауа райы құбылыстарын бағалау үшін ауа райы мен климаттың өзгерістеріне өзбетімен жеке бақылау жасауға ықпал ету; • климаттың өзгерісін зерттеудің әртүрлі тәсілдерін талдау және олардың салдарына болжау жасау; • климаттық өзгеруіне әсер етуші температураның жоғарылауы, экстремалды ауа райы және т.б. құбылыстардың салдарын зерттеу; • ғаламдық климат өзгеруімен байланысты елдердің жеке аумақтарының климатының өзгеруінен болатын салдарын бағалау.

Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - экстремалды ауа райы құбылыстарын бағалау үшін ауа-райы мен климаттың өзгеруін өздігінен бақылауды ынталандырады; - климаттың өзгеруін зерттеудің әртүрлі тәсілдерін талдайды және олардың салдарын болжайды; - Температураның көтерілуін, экстремалды ауа райы құбылыстарын, теңіз деңгейінің көтерілуін, жабайы жануарлар түрлері мен мекендеу ортасының климаттың өзгеруіне ауысуын зерттейді; - климаттың жаһандық өзгеруімен байланысты елдің жекелеген аймақтарындағы климаттың өзгеруінің ықтимал салдарын бағалайды
Қазақстан географиясы, 16 академиялық кредит Модуль барысында болашақ мұғалімдер өз елінің табиғи әлеуметтік-экономикалық, геоэкономикалық, геосаяси ерекшеліктерін, халқын және шаруашылық қызметінің нәтижелерін зерттеп, біріктірілген білімдерін дамытады. Олар адам өмірі мен іс-әрекетінің кеңістіктік әртүрлілігі, адам мен адамзаттың географиялық ортадағы рөлі, адамдардың әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі туралы білімдерін жетілдіреді. Олар сонымен қатар азаматтық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселелерін қарастырады және өздерінің рухани-адамгершілік құндылықтарын, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет сезімін дамытады.	
Курс атауы	Қазақстанның физикалық географиясы
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Қазақстан географиясы, 16 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілігі к сипаттамасы	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Құндылыққа бағдарланған құзыреттіліктер (15,18) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(7,9) Мақсаты: Қазақстанның физикалық-географиялық жағдайларын, географиялық орналасуы мен табиғи ерекшеліктерін зерделеу. Студенттер: • Қазақстанның табиғи ортасын зерттеу үшін геожүйелер компоненттерінің қалыптасу заңдылықтары мен өзара байланысы туралы білімді пайдаланады; • Қазақстанның физикалық географиясының теориялық негіздерін біледі; • ҚР геожүйелері компоненттерінің өзара байланысын талдау үшін картографиялық материалды пайдаланады; табиғи кешендердің даму заңдылықтарын және жергілікті және өңірлік деңгейлердегі Қазақстанның физикалық географиясының проблемаларын анықтайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - Қазақстанның табиғи ортасының ерекшеліктерін зерттеу үшін геожүйелердің құрамдас бөліктерінің қалыптасуы мен өзара байланысының негізгі заңдылықтарын сипаттайды; - бірнеше ақпарат көздері негізінде Қазақстан табиғатының құрамдас бөліктерінің ерекшеліктері туралы хабарламалар құрады; - жергілікті және аймақтық деңгейдегі Қазақстан табиғатының проблемаларын анықтайды; - Қазақстан Республикасы геожүйелерінің құрамдас бөліктері арасындағы байланысты талдау үшін картографиялық материалды пайдаланады; - қолданбалы шаруашылық міндеттерді, Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғау мәселелерін талдайды және синтездейді
Курс атауы	Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы

Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Қазақстан географиясы, 16 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: • Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3,4) • Зерттеу құзыреттілігі (14) Мақсаты: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын зерделеу. Студенттер: • ҚР шаруашылық салаларын салыстыру мақсатында елдердің экономикалық даму көрсеткіштерін құрастырады; • экономиканы орналастыру факторлары және экономика салаларын орналастыру ерекшеліктері туралы білімді пайдаланады; • экономиканың тұрақты дамуы және адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында Қазақстан экономикасының дамуын бағалай алады; Қазақстан экономикасының салаларын жіктеу мақсатында экономикалық-географиялық сипаттамаларды талдайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • Қазақстан Республикасының шаруашылық салаларын салыстыру мақсатында елдердің экономикалық даму көрсеткіштерін құрастырады; • шаруашылықтың орналасу факторлары және Қазақстан экономикасы салаларының орналасу ерекшеліктері туралы білімдерін нақты өмірдегі мәселелерді шешу үшін пайдаланады; • экономиканың тұрақты дамуына қол жеткізу және адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында Қазақстан шаруашылығының дамуын бағалайды; • Қазақстан шаруашылығы салаларын жіктеу үшін экономикалық-географиялық сипаттамаларды талдайды

Курс атауы	Қазақстан аймақтарының географиясы
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қазақстан географиясы, 16 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: • Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3,4) • Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(9) • Құндылыққа бағдарланған құзыреттіліктер (17) Мақсаты: Қазақстанның жекелеген аймақтарының табиғатын, халқын, шаруашылығын, мәдениетін және қоғамдық ұйымдасуын зерттеу. Студенттер: • аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы аясында аймақтың жағдайы туралы мини жоба әзірлеу; • аймақтың шаруашылығын, халқын, әлеуметтік-экономикалық дамуын салыстыру; • ақпараттарды талдау негізінде Қазақстан экономикасының салалық және аумақтық құрылымының өзгеруі туралы болжамдарды және мәселелерді шешудің мүмкін жолдарын негіздеу.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: • Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы жағдайында өңірлердің жағдайы бойынша шағын жобаны әзірлейді; • аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын, халқы мен экономикалық дамуын салыстырады; • ел экономикасының даму мәселесін шешу үшін мысалдар әзірлейді; • ақпарат көздерінің кешенін талдау негізінде Қазақстан шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымының өзгеруі туралы гипотезаларды және

	шаруашылықтың даму міндеттерін шешудің мүмкін жолдарын негіздейді
Курс атауы	Қазақстанның ауылшаруашылық аймақтары
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қазақстан географиясы, 16 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Құндылыққа бағдарланған құзыреттіліктер (15) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(6,7) Мақсаты; ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу мәселелерін, аграрлық экономикадағы ауыл шаруашылығының тұрақты тетігін, еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің өсу факторларын зерделеу. Студенттер: • ауыл шаруашылығын дамытудың қазіргі жай-күйіне сипаттама береді; • экономиканың проблемаларын шешу үшін елдің үлкен ауыл шаруашылығы әлеуеті бар өңірлерді айқындайды; • ауылдық аумақтарды дамыту үшін өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің өсуін талдайды; • ауыл тұрғындарының Жұмыспен қамту деңгейін оның даму ерекшеліктерін ескере отырып бағалай алады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - ауыл шаруашылығының қазіргі даму жағдайын сипаттайды; - экономикалық мәселелерді шешу еліміздің аграрлық әлеуеті мол аймақтарын анықтайды; - ауылдық аумақтарды дамыту үшін өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне талдау жасайды; - ауыл халқының даму ерекшеліктерін ескере отырып, оның жұмыспен қамтылу деңгейін бағалайды.
Курс атауы	Қазақстанның шекаралық аймақтармен интеграциясы
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қазақстан географиясы, 16 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Зерттеу құзыреттілігі (14) Мақсаты: Қазақстанның шекаралық өңірлермен интеграциялану және нарықтық экономика жағдайында өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін зерделеу. Студенттер мүмкін; • Қазақстанның әлемдік экономикалық интеграциядағы рөлін дәлелдей алады; • Қазақстанның шекаралық өңірлермен интеграциясына әртүрлі ақпарат көздері бойынша зерттеулер жүргізеді; • Қазақстанның экономикалық ынтымақтастығы мен тауар айналымының құрылымын әлемдік экономикалық бірлестіктермен және шекаралық өңірлермен салыстырады; • Қазақстан экспорты мен импортының географиялық құрылымын талдау.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - Қазақстанның әлемдік экономикалық бірігуіндегі рөлін дәлелдейді; - Қазақстанның шекаралас аймақтармен бірігуін зерттеуге байланысты әртүрлі ақпарат көздері бойынша зерттеулер жүргізеді; - Қазақстанның дүниежүзілік экономикалық бірлестіктермен және шекаралас

	аймақтармен экономикалық ынтымақтастығы мен тауар айналымының құрылымын салыстырады; - Қазақстанның экспорты мен импортының географиялық құрылымына талдау жасайды. - Қазақстанның әлемдік экономикалық бірлестікке қатысу келешегін болжайды.
Курс атауы	Қазақстанның туристік-рекреациялық ресурстары
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қазақстан географиясы, 16 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Құндылыққа бағдарланған құзыреттіліктер (15,16) - Зерттеу құзыреттілігі (14) Мақсаты: табиғи және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы туристік қажеттіліктерді зерделеу. Студенттер: • еліміздің тартымды таулы, рекреациялық, табиғи, су, экскурсиялық аймақтарын жіктеу үшін Қазақстанның туристік-рекреациялық ресурстары туралы білімді пайдаланады; • туризмді дамыту үшін Қазақстанның климаттық жағдайларын басқа елдермен салыстырады; • туристік сұраныстың заманауи үрдістерін қанағаттандыру үшін Қазақстанның рекреациялық ресурстарын бағалайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - елдің тартымды таулы, рекреациялық, табиғи, су, экскурсиялық аймақтарын жіктеу үшін Қазақстанның туристік-рекреациялық ресурстары туралы білімдерін пайдаланады; - туризмді дамыту үшін Қазақстанның климаттық жағдайларын басқа елдермен салыстырады; - туристік сұраныстың ағымдағы беталыстарын қанағаттандыру үшін Қазақстанның рекреациялық ресурстарын бағалайды
Курс атауы	Қазақстанның өнеркәсіптік аймақтары
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қазақстан географиясы, 16 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3,4) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(9) Мақсаты: Қазақстанның өнеркәсіптік кешендерін зерделеу. Студенттер: • Қазақстанның өндірістік кешендері туралы білімдерін елдің өндіргіш күштерінің орналасуын түсіндіру үшін пайдаланады; • қоғамның өндіргіш күштерінің даму деңгейін түсіндіру үшін өнеркәсіптің әсерін талдайды; • Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуына оның ел экологиясына тигізетін әсерін бағалайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - Қазақстанның өндірістік кешендері туралы білімдерін елдің өнеркәсіптік күштерінің орналасуын түсіндіру үшін пайдаланады; - қоғамның өндіруші күштерінің даму деңгейін түсіндіру үшін өнеркәсіптің әсерін талдайды;

	Қазақстан өнеркәсібінің дамуын оның ел экологиясына тигізетін әсері тұрғысынан бағалайды.
Курс атауы	Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Қазақстан географиясы, 16 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	6
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Құндылыққа бағдарланған құзыреттіліктер (15) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(6,7) Мақсаты: Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеу мәселелерін зерделеу. Студенттер: • Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың қазіргі жай-күйіне сипаттама береді; • экономика проблемаларын шешу үшін елдің агроөнеркәсіптік кешендерін айқындайды; • агроөнеркәсіптік кешенді дамыту үшін өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің өсуін талдайды; • ауыл тұрғындарының жұмыспен қамту деңгейін оның даму ерекшеліктерін ескере отырып бағалайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - ауыл шаруашылығының қазіргі даму жағдайын сипаттайды; - экономикалық мәселелерді шешу еліміздің аграрлық әлеуеті мол аймақтарын анықтайды; - ауылдық аумақтарды дамыту үшін өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне талдау жасайды; - ауыл халқының даму ерекшеліктерін ескере отырып, оның жұмыспен қамтылу деңгейін бағалайды.
Географиялық білім беруді цифрландыру, 10 академиялық кредит Модуль барысында болашақ мұғалімдер халықтың аумақтық ұйымдасуының әртүрлі тұстарын және қоғам өмірінің барлық жақтарын көрсететін инновациялық технологияларды пайдалана отырып, олардың карта жасауды түсінуіне ықпал ететін геоақпараттық жүйелердің технологияларын қолданудың негізгі мәселелерімен танысады. Болашақ мұғалімдер өздерінің географияны оқытуда инновациялық әдістерді қолдану құзыреттілігін дамытады.	
Курс атауы	Картография топография негіздерімен
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Географиялық білім беруді цифрландыру, 10 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(6) Мақсаты: картография саласына қажетті білімдер мен географиялық картаны қолдану дағдыларын меңгеру. Студенттер: • әртүрлі өмірлік жағдаяттарда пайдалану үшін жалпыгеографиялық, тақырыптық және арнайы карталардың мазмұны мен түрлерін ажырата білу; • есептеулер мен графикалық жұмыстарды жүргізу үшін оқу-тәжірибелік зерттеулерде топографиялық карталарды қолдану; картографиялық үлгілерді жаңа білім

	қалыптастыру мақсатында құрылымдау.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - өмірдің әртүрлі салаларында қолдану үшін жалпы географиялық, тақырыптық және арнайы карталардың түрлері мен тұрпаттарын, мазмұнын ажыратады; - есептеу және графикалық жұмыстарды орындау үшін оқу-тәжірибелік зерттеулерде топографиялық карталарды пайдаланады; - топографиялық карталар бойынша бейіндерді құру үшін картографиялық әдістерді қолданудың тәжірибелік тәсілдерін әзірлейді; - жаңа білім алу, географиялық кеңістік туралы ақпаратты алу және сақтау мақсатында картографиялық үлгілерді құрылымдайды.
Курс атауы	Географиядағы ГАЖ технологиялары және жасанды интеллект
Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Географиялық білім беруді цифрландыру, 10 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	5
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(6,9) Мақсаты: студенттерде географиялық есептерді шешуде географиялық ақпараттық жүйелерді (ГАЖ) және жасанды интеллект (ЖИ) әдістерін тиімді пайдалану үшін қажетті кешенді түсінік пен практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Студенттер: географиялық ақпараттық жүйелер және жасанды интеллект жұмысының негізгі тұжырымдамалары мен принциптерін түсіндіре алады; кеңістіктік деректерді құрай алады, өңдейді және талдау үшін ГАЖ бағдарламалық жасақтамасын (мысалы, ArcGIS, QGIS) пайдаланады; география саласындағы нақты міндеттерді шешу үшін ГАЖ технологиялары мен ЖИ-ні пайдалануға байланысты жобаларды әзірлейді; зерттеу нәтижелерін сыни тұрғыдан талдайды және олардың қолданылуы туралы қорытынды жасайды.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - Деректердің құпиялылығы мен ақпаратты пайдалану құқығын қоса алғанда, геоақпараттық технологияларды пайдалануға қатысты этикалық мәселелерді түсінеді; - Талдау нәтижелерін жазбаша түрде (есептер, мақалалар) және ауызша (презентациялар) тиімді ұсынады; - Жаңа идеяларға ашықтық және тез өзгеретін технология саласында үздіксіз оқуға дайын болады; - ГАЖ технологиялары мен жасанды интеллект маңызды болып табылатын география саласындағы табысты кәсіби қызметке дайын болады
Географиядағы зерттеу дағдылары, 7 академиялық кредит	
Модуль шеңберінде болашақ мұғалімдер географиялық зерттеу әдістерінің ерекшеліктерін зерттейтін ғылыми пәндер кешенін зерттейді. Болашақ мұғалімдер ғылыми танымның әдіснамасын ашуға мүмкіндік беретін өздерінің зерттеу іс-әрекетінің құзыреттіліктерін дамытады.	
Курс атауы	Географиядағы зерттеу әдістері

Компонент	Пәндік компонент, Жоғары оқу орны компоненті
Модуль	Географиядағы зерттеу дағдылары, 7 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	3
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Зерттеу құзыреттілігі (12,13) Мақсаты: Географиялық зерттеулер жүргізілетін географиялық ақпараттың негізгі әдістері мен көздерін зерттеу. Студенттер мүмкін: • географиялық зерттеу әдістерін білу және алынған деректерді талдай және өңдей білу; • математикалық әдістерді қолдана отырып, географиялық құбылыстар мен процестерге бақылау жүргізу; * процестер мен құбылыстарды ғылыми сипаттау үшін географияда зерттеу әдістерін қолдану.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: «әдіс», «тәсіл», «зерттеу парадигмасы» терминдерінің ерекшеліктерін, географиялық зерттеу әдістерінің әрқайсысының ерекшеліктері мен қолдану аясын түсінеді; - әлеуметтік-экономикалық мазмұндағы карталар мен графиктерді құрастырады және оларды талдай алады; - математикалық әдістерді қолдана отырып, географиялық құбылыстар мен үдерістерге бақылау жүргізеді; - аумақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелердің аналитикалық сипаттамасын құрастырады және олардың негізінде тиісті қорытындыларды тұжырымдайды; - үдерістер мен құбылыстарды ғылыми сипаттау, аумақты кешенді талдау үшін географияда зерттеу әдістерін қолданады.

Курс атауы	Географиялық зерттеулердегі ГАЗ
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Географиядағы зерттеу дағдылары, 7 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курс пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Зерттеу құзыреттілігі (10,11) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі(9) Болашақ мұғалімдер деректерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, бейнелеуді және таратуды қамтамасыз ететін заманауи геоақпараттық әдістерді қолданудың практикалық дағдыларын меңгереді. Олар сонымен қатар заманауи геоақпараттық әдістерді географиялық зерттеулерде қолдану дағдыларын дамытады. Болашақ мұғалімдер зерттеу қызметінің нәтижелерін әзірлеуді, ұсынуды, қорғауды және таратуды үйренеді.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - олардың кеңістіктік талдауы үшін сандық топографиялық және тақырыптық ақпаратпен таныс; - геоақпараттық әдістер мен технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі кеңістіктік деректерді іс жүзінде қолданады; - электрондық географиялық карталарды құрастыру және жобалау үшін визуализация бойынша тәжірибені иеленеді; - зерттелетін әртүрлі географиялық үдерістерді болжау және үлгілеу бойынша тәжірибе жүргізеді

Курс атауы	Географиялық білім берудің цифрлық түрленуі
Компонент	Пәндік компонент, Таңдау компоненті
Модуль	Географиядағы зерттеу дағдылары, 7 академиялық кредит
Цикл	Бейіндеуші пәндер
Академиялық кредит	4
Курс/құзыреттілік сипаттамасы	Бұл курстың мақсаты пәндік құзыреттіліктердің келесі салаларын арттыру болып табылады: - Географиялық ғылым теориясы мен әдістемесі құзыреттілігі (3) - Географияны оқытудың практикалық әдістері құзыреттілігі (6,7) Болашақ мұғалімдер географиялық білім беру саласындағы негізгі мәселелерді және цифрландыру келешегін анықтайды. Олар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізуді және цифрлық ресурстардың көмегімен мектепте техникалық оқыту құралдарын пайдалануды зерттейді. Болашақ мұғалімдер заманауи білім берудің цифрлық мәдениеті туралы білімін және цифрлық шешімдерді түрлендіру үшін цифрлық технологияларды пайдалану қабілетін дамытады.
Оқу нәтижелері	Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер: - жоғары сапалы оқыту мазмұнын, құпиялылық пен этикалық стандарттарды сақтайтын, қауіпсіз платформаларды таңдайды. - Қазіргі қоғамның географиялық дүниетанымын кеңейту және көрнекі тәжірибе мен практикалық жұмыстарды әзірлеу үшін ІТ қолданады; - Оқытуда біріктірілген онлайн-платформалар құру және онлайн сабақтар өткізу үшін цифрлық технологиялар құралдарын пайдаланады; - кәсіби қызметте заманауи АКТ, желілік технологиялар мен ашық білім беру ресурстарын пайдаланады

ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ, 8 АКАДЕМИЯЛЫҚ КРЕДИТ

Түлекті қорытынды аттестаттау міндетті болып табылады және білім беру бағдарламасы толық көлемде игерілгеннен кейін жүзеге асырылады. Аттестаттаудың мақсаты - түлектің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін, сондай-ақ оның кәсіби қызметтің негізгі түрлерін орындауға дайындығын бағалау.

Қорытынды аттестаттау жұмысы (ауызша емтихан, жазбаша емтихан, дипломдық жұмыс, зерттеу жобасы, ұйымдастыру жобасы, стратегиялық жоба, арт-жоба)

4.3 Міндетті компонент құрылымы

Міндетті компонент (Жалпы білім беретін пәндер циклі) 56 академиялық кредиттен тұрады (51 академиялық кредит міндетті пәндер және 5 академиялық кредит таңдау пәндері) және төмендегі модульдер мен курстарды қамтиды.

Модульдер мен курстардың атауы	Академиялық кредит
МІНДЕТТІ КОМПОНЕНТ (ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛІ)	56
МІНДЕТТІ ПӘНДЕР	51
Тарихи және философиялық құзыреттіліктер модулі	10
<i>Қазақстан тарихы</i> Көне және орта ғасырлардағы Қазақстан. Алғашқы қоғам. Елді мекендер, шаруашылығы және тұрмысы (б.з.б. 2,5 млн. – 12 мың – VI ғасырға дейін). Қазақ халқының этногенезі. Ортағасырлық Қазақстан. (VI-XV ғасырлар). Қазақ хандығы. Қазақ мемлекетінің геосаяси жағдайы. Қазақ хандығы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Әлеуметтік тарих (XV ғ. ортасы – XVIII ғ. басына дейін). Отаршылдық кезеңдегі Қазақстан (XVIII ғ. 30-40 ж. – XIX ғ. 60 ж.). XX ғасырдың басындағы Қазақстан. Халықтың көп ұлттық құрамының қалыптасуы. Жаңа замандағы Қазақстан. Кеңестік кезең (1917 ж. ақпан-қазан – 1991 ж. тамыз) Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Ел тарихындағы ең жаңа кезең (1991 ж. желтоқсан – қазіргі уақытқа дейін).	5

<i>Философия</i> Ойлау мәдениетінің бастауы. Философия пәні мен әдісі. Әлемді философиялық түсінудің негіздері. Сана, рух және тіл. Онтология және метафизика. Әдеп құндылықтар философиясы. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. Заманауи Қазақстан философиясы.	5
Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8
<i>Әлеуметтану</i> Әлеуметтік әлем түсінігіндегі әлеуметтік зерттеулер. Әлеуметтік зерттеулер. Қоғамның әлеуметтік құрылымы мен стратификациясы. Әлеуметтану және ұқсастық. Отбасы және қазіргі заман. Шегіну, қылмыс әлеуметтік бақылау. Дін, мәдениет, қоғам. Этнос және ұлт әлеуметтануы. Білім және әлеуметтік теңсіздік. Бұқаралық ақпарат құралдары, технологиялар және қоғам. Экономика, жаһандану, еңбек. Денсаулық және медицина. Халық, қалалану және әлеуметтік қозғалыстар. Әлеуметтік өзгерістер.	2
<i>Саясаттану</i> Саясаттану дамуының негізгі кезеңдері. Саясат қоғамдық өмірдің бір бөлігі ретінде. Саяси билік. Саяси элита, көшбасшылық. Қоғамның саяси жүйесі. Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси режимдер. Сайлау жүйелері, таңдау. Саяси партиялар партиялық жүйелер және қоғамдық-саяси қозғалыстар. Саяси мәдениет, тәртіп. Саяси, идеология; даму, жаңғыру; қақтығыстар мен дағдарыстар. Әлемдік саясат, заманауи халықаралық қарым-қатынастар.	2
<i>Мәдениеттану</i> Мәдениет морфологиясы. Мәдениет тілі. Мәдениет семиотикасы. Мәдениет анатомиясы. Көшпенділер мәдениеті. Арғы түріктердің мәдени мұрасы. Ортағасырлық мәдениет. Орталық Азия. Түріктердің мәдени мұрасы. Қазақ мәдениетінің негізі. XVIII - XIX ғасырдың аяғындағы, XX ғасырдағы қазақ мәдениеті. Заманауи әлемдік үдерістер мен жаһандану жағдайындағы қазақ мәдениеті. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.	2
<i>Психология</i> Ұлттық өзін-өзі тану жағдайындағы тұлға. Мен және менің ынтам. Эмоциялар, эмоционалдық зерде. Адамның күш-жігері, өзін-өзі реттеу психологиясы. Дара-типтік ерекшеліктер. Құндылықтар, қызығушылықтар, нормалар. Өмір мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау денсаулық психологиясы. Индивидтер мен топтар арасындағы қарым-қатынас. Қарым-қатынастың қабылданым жағы. Қарым-қатынастың интерактивтік жағы. Қарым-қатынастың коммуникативтік жағы. Әлеуметтік-психологиялық дау. Дау кезіндегі өзін-өзі ұстау үлгілері. Тиімді қарым-қатынас әдістері.	2
Аспаптық және коммуникациялық модуль	25
<i>Орыс/Қазақ тілі</i> Лексика, ғылыми терминдер, синтаксистік конструкцияларды ауызша және жазбаша қарым-қатынаста дәл қолдану дағдыларын иелену; әңгіме құру дағдылары. Іскерлік қарым-қатынас, хаттар, есептер, пікір, эссе жазу дағдылары; мәтіндерді түсініп оқу, өз ойын жеткізе алу. Өртүрлі қарым-қатынас түрлерінде еркін сөйлеу, әңгіме, пікір-талас жүргізе алу. Функционалдық сөйлеу стильдері сөйлесу құралдарының тарихи қалыптасқан жүйесі ретінде, әдеби тілдің алуандығы.	10
<i>Шетел тілі</i> Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынас саласы. Мен және менің отбасым. Әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас саласы. Әлем картасы. Салт-дәстүрлер. Оқу-кәсіби қарым-қатынас саласы: Болашақ кәсіп. Заманауи үй. Қазіргі қоғамдағы отбасы. Мәдени-тарихи ая. Білім. Кәсіп. Адам және табиғат, экологиялық мәселелер. Жаңалықтар, БАҚ, жарнама.	10
<i>Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар</i> Қоғам дамуындағы АКТ рөлі. АКТ саласындағы стандарттар. Компьютерлік жүйелерге кіріспе. Бағдарламалық қамсыздандыру. Операциялық жүйелер. Адам мен компьютердің өзара әрекеттестігі. Мәліметтер базасы жүйелері. Мәліметтерді талдау. Мәліметтерді басқару. Желілер мен телекоммуникациялар. Киберқауіпсіздік. Интернет-технологиялар. Бұлттық және ұялы технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. Зияткерлік технологиялар. Электрондық технологиялар. Электрондық бизнес. Электрондық оқыту. Электрондық үкімет. Өнеркәсіптегі АКТ. АКТ даму келешегі.	5

Денсаулықты нығайту модулі	8
